

Таким образом, в советский период уделяли серьезное внимание организации досуга граждан страны как маленьких, так и взрослых. Сам подход к решению вопросов досуга был построен на научной основе с учетом данных, полученных социологами, педагогами, психологами, физиологами, занимающимися изучением поведения личности в сфере свободного времени. Сфера досуга в стране Советов была частью культурной политики государства. По всей стране работали различные культурные учреждения – клубы, музеи, кинотеатры и театры, парки отдыха и т.д.

Список литературы:

1. Черняева Н. Идеология семейных ценностей: повторяем пройденное? [электронный ресурс] / Н. Черняева // 60 параллель. – 2010. – No 2(37) // URL: http://www.intelros.ru/pdf/60_parallel/37/9.pdf.
2. История городской повседневности Центрального Казахстана в 1946-1991 годы (с сюжетами демографической и социальной истории): Монография / Сактаганова З.Г., Абдрахманова К.К., Досова Б.А., Козина В.В., Елеуханова С.В., Карсыбаева Ж.А., Утебаева А.Д.; под общ. ред. З.Г. Сактагановой. – Караганда: «Гласир», 2017. – 456 с.
3. Нуркина К.К. Категории «детство», «советское детство» и «повседневность» в историческом исследовании [Текст] / К.К. Нуркина // VII Емельяновские чтения: Мат-лы Всеросс научн.-практ. конф. (Курган, 28-29 апреля 2014 г.). – Курган: Изд-во Курганского гос. ун-та, 2014. С. 82-84.

3.7. Өткен ғасырдың 60 жылдарындағы Талдықорған қаласындағы бастауыш білім берудегі өзекті мәселелер

Олжас Габитович Турсынбаев

«Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасының» 2 курс докторанты. І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті КЕ АҚ (Талдықорған қ., Қазақстан)

«Бастауыш – білім негізі» деген пікір орынды айтылған, сондықтан білім берудің басты міндеті сапаға зейін аудару, ұғымдар, ережелер, амалдар педагогикалық іс-әрекеттер арқылы қалыптастырылып, жүзеге асырылуы тиісті. Бастауыш мектеп – баланың дамуының іргетасы қаланатын ерекше кезеңі болғандықтан, олардың алғашқы ұғымдары да осы уақытта қалыптасады.

Кеңес Одағы тұсында білім беру қоғамдық құрылымның талап-тілегінде және оның міндеттерін орындай алу деңгейінде болғаны жасырын емес. Мұғалімдер балалар тәрбиесіне, біліміне аса үлкен көңіл бөліп, олардың кеңестік патриоттық сезімін арттыруға және қазақ мұғалімдері сол кездің өзінде өз елінің ұлттық мақтанышы етуге барын

салды. Әрине, адам баласы пенде болғандықтан кемшіліксіз емес, бірақ бойда бар кемшілікті түзетпей, арқаны кеңге салып жүруге тағы болмайды. Соған орай, әрбір кезеңде білім сапасы бақыланып, тиісті бағасы беріліп, оларды түзетуге нұсқаулар да көрсетіліп отырған.

1959-1960 жылдары Талдықорған қаласының №1 мектебінде оқу жылының басында 16 сынып болған, оқушылар саны барылығы – 502, соның 3-уі ғана қазақ баласы. Ал жыл соңында олардың саны 496 оқушыға дейін азайған, соның ішінде қазақтың 3 баласы, олардың арасында қыз бала жоқ [1, 16 б.].

Педагогикалық кадрларға келер болсақ, мектеп толықтай қамтылған, барлық мұғалім саны – 19. Оның ішінде 1 мұғалім жоғарғы білімді, институт тәмамдағаны – 1, орта педагогикалық білімі бар 1 мұғалім және біреуі дене шынықтыру техникумын тәмамдаған. Мектеп 1960 жылға да мұғалімдермен қамтылған. Оның бірі ҚазПИ-дың сырттай бөлімінің бірінші курс студенті.

Сабақ 1 қыркүйекте басталып, мамырдың 25-інде аяқталған. Қандай да бір себептермен өткізілмей қалған сабақтар жоқ. Оқу үрдісі 2 ауысымда өтті.

Мектептің оқу-материалдық базасына тоқталар болсақ, ол екі ғимаратта орналасқан: ескі – ауданы 158 және жаңа – ауданы 320 шаршы метр. Жаңа ғимарат 1957 жылы кірпіштен салынған, шатыры шифермен қапталған, ғимарат бір ауысымда 160 оқушыны қабылдайды.

1957 жылы 150 алма, 50 шие, 25 қара өрік, 30 қарақат бұтасы, 0,15 га таңқурай және басқа да жеміс ағаштарынан тұратын 1,20 га оқу-тәжірибелік учаскесі бар. Ауданы 0,15 га болатын сәндік саябақ салынған.

Мектеп жиһазбен, оқулықтармен, бағдарламалармен және жазбаша керек-жарақтармен толық қамтамасыз етілген. Көрнекі құралдар мың бес жүз рубльге толықтырылды. Мектеп кітапханасында он екі мың рубль сомасына 3500 дана кітап бар. Аталған жылы кітап қоры бес мың тоғыз жүз елу рубльге толықты. Мектеп отынмен толық қамтамасыз етілді. 1960-61 оқу жылына отын қоры әкелінді. Жарықтандыру типі электрлі. Мектептің санитарлық жағдайы жақсы, әсіресе осы оқу жылында өзіне-өзі қызмет көрсетудің енгізілуіне байланысты жақсарды. Мектептің барлық мүлкі есепте және арнайы шкафтарда сақталады, олар қанағаттанарлық жағдайда [1, 17 б.].

Тарих сабағын оқытуға тоқталар болсақ, 1, 2, 3 сынып оқушыларын тарихи оқиғалармен таныстыру тарихи мақалаларды оқу арқылы жүргізілді. Мұндай мақалаларды оқу кезінде мұғалімдер оқиғаның мәнін мүмкіндігінше түсінікті түрде жеткізуге тырысқан. Сабақтар суреттермен, карталармен безендіріліп, қаралған кинофильмдермен және оқыған кітаптармен байланыстырылды. Оқыту әдістерінде салыстыру әдісі қолданылды. Сонымен қатар, сабақ барысында қолданылатын негізгі әдістер – әңгіме, түсіндірме оқу, оқушылардың

кітаппен және иллюстрациялармен өзіндік жұмысы. Көрнекі құралдар кеңінен қолданылды: карта-схемалар, оқулықтың суреттері. Осы жылы тарихты оқытуды жақсартуда мектептегі кинофильмдер үлкен рөл атқарды. Бұл оқушылардың пәнге деген қызығушылығын, яғни оны игеру сапасын арттырды [1, 20 б.].

Бастауыш сынып мұғалімдерінің ұжымы өздерінің жұмыс қабілеттілігіне сүйене отырып, мектеп алдындағы маңызды міндеттерді шеше алатынын байқатты. Сыныптарда қызықты және пайдалы тәрбие жұмыстары жүргізілді [1, 30 б.].

Алайда, мұғалімдер ұжымының жұмысында әлі де үлкен кемшіліктер болған. Өте жақсы және жақсы деген бағаға оқитын оқушылар аз, білімгерлердің көпшілігінің тәртібі нашар, мектеп ережелерін көбінесе сақтамады. Бастауыш сынып мұғалімдерінің сабаққа өзара қатысуы аздық етеді, отандық педагогтардың педагогикалық идеялары жеткіліксіз қолданылады. Алдағы жылы бастауыш сынып мұғалімдерінің ұжымы өз жұмысын осыдан бастауы керек [1, 31 б.].

Мектептің тәрбие жұмысына келер болсақ, КОКП ХХІ Съезінің және комсомолдың ХІІІ съезінің шешімдерін орындай отырып, мұғалімдер ұжымы өз оқушыларынан социалистік Отанға деген махаббатты, пролетарлық интернационализмді, еңбекке деген сүйіспеншілікті, ұжымшылдықты тәрбиелеуге тырысқан.

Өткен жылы мектептің алдында мынадай міндет тұрды:

а) сыныптан тыс жұмыстың идеялық-саяси бағыты, оның оқу-тәрбие мақсаттарына толық бағынуы.

б) сыныптан тыс жұмыстың мазмұны мен формасы бойынша оқушылардың сұраныстарына сәйкестігі.

Осы қағидаларды ұстану және оқушылардың толық қамтылуын қамтамасыз ету үшін жалпы саны 521 оқушыны қамтитын 12 үйірме ұйымдастыру қажет болды, еңбек тәрбиесіне (шеберханаларда және тәжірибе алаңында) көп көңіл бөлінді.

Партия және комсомол ұйымдары барлық тәрбие жұмыстарын басқарды және бағыттады. Мектептегі комсомол жұмысы барлық оқу-тәрбие жұмысының ажырамас бөлігіне айналды.

Комсомолдар – белсенді қоғамшылдар. Олардың бастамасымен бірқатар игі істер ұйымдастырылып, өткізілді (кештер ұйымдастыру, стадион жабдықтау, мектептегі кезекшілік, көрнекі құралдар жасау, металл сынықтарын жинау, Текелі қаласына бару).

Өткен жылы кезекшілік нысаны жалғастырылды (санитария, мінез-құлық және еңбек ету бойынша ең жақсы көрсеткіштері бар сыныптар үшін).

Күн сайын бір топ оқушылар кезекшілік етті, оның құрамына комсомол комитетінің немесе пионер отрядының, оқу комитетінің мүшесі кірді. Аға кезекшілікте мұғалім болды.

Барлық оқушылар жексенбіге белсенді қатысты (алаңды тазарту, мектеп аумағын абаттандыру және көгалдандыру бойынша).

Өткен оқу жылында мектепте тәрбие жұмысының бағдарламасы енгізілді.

Бірінші сыныптардағы негізгі тәрбиелік міндет – балалардың ерекшеліктерін зерттеу, ұжымды ұйымдастыру, оқу, қол еңбегі мен қоғамдық жұмыстарға тапсырма беру, өмір сүру мен тәрбиенің үй жағдайымен танысу, ата-аналар мен мұғалімнің бірыңғай талаптарын дайындау. 2-4 сыныптарда – ұжымды одан әрі нығайту, барлық оқу және қоғамдық жұмыстарды жақсарту [1, 40 б.].

1 «А» сыныбында (мұғалім А.И. Марченко) оқушылар мінез-құлық ережелерімен танысты. Адалдық, қарапайымдылық, сыпайылық туралы әңгімелер жүргізілді. Оқушылардың жақсы іс-әрекеттері ынталандырылды. Барлық атаулы күндер атап өтілді, монтаждар мен қойылымдар дайындалды. Салтанатты түрде бүкіл сынып октябрыяттар қатарына қабылданды. Әліппені шығарып салу мерекесі өткізілді.

2-ші «Г» сыныбында (мұғалім В.В. Соломина) көркемөнерпаздар үйірмесі дайындалды. Жаңа жылға сынып «Балалардың Аяз атамен кездесуі» пьесасын дайындады.

2 «А» сыныбында (мұғалім А.Г. Ерыгина) саябаққа, Қаратал өзеніне және егістік алаңына экскурсиялар өткізілді. «Қызыл телпек» және «Қар ханшайымы» кинокартиналарына барып, кейін талқыға салынды.

3-ші «Б» сыныбында (мұғалім М.С. Еременко) «Ленинское слово», «Павлик Морозов», «За морями, за долами», «Как печатали вашу книгу» кітаптары оқылды.

Сенбі күндері «Пионер ақиқаты» оқылды. Пионерлер қатарына қосылу үшін октябрыяттармен дайындық жүргізілді.

Мұғалім Л.М. Леденева (4 «Б» сыныбы) «Шеберлік пен еңбек бірге тұрады», «Білмеу ұят емес, үйренбеу ұят» тақырыптарында сыныбымен сұхбат өткізді.

Ата-аналары үшін балалар өз күштерімен концерт көрсетті. Әлеуметтік пайдалы жұмыс уақытында көрнекі құралдар (орыс тілі, биология, арифметика бойынша кестелер) ретке келтірілді. Сынып 36 кг металл сынықтарын жинады. 4 «Б» сыныбының пионерлер тобына «Спутник Семилетки» атағы берілді.

Тәрбие жұмысының кейбір жетістіктерімен қатар 1-4 сыныптарда жағымсыз құбылыстар да орын алды (ұрлық, мектептен қашу, т.б.) [1, 41 б.].

1961-1962 жылдардағы Талдықорған қаласы мектептерінің жұмысы жайлы есепке сәйкес, бастауыш сынып оқушыларың үлгерімі негізінен орыс тілінен нашар екені байқалады. Үлгерім төмендігінің басты себебі – кейбір мұғалімдер әлі де жоғары әдістемелік деңгейде сабақ бермейді, артта қалудың алдын-алу үшін жұмыс істемейді, оқушылардың біліміндегі олқылықтарды уақытында толтырмайды,

көбінесе оларға назар аудармайды, әлсіз оқушылармен және олардың ата-аналарымен жұмыс істемейді, оқушылар білімінің сапасы мен оның тереңдігіне аз көңіл бөледі. Жаттығу тапсырмаларын аз береді, көрнекілікті жеткіліксіз қолданады және сабақта өткенді бекітпейді, оқу үлгерімін жақсарту үшін күресте тәрбиелік шараларды жеткіліксіз қолданады, білімгерлердің оқу міндеттеріне адал қарау және еңбекқорлық дағдыларын бойына дарытуда жұмыс толыққанды жасалмайды [2, 24 б.].

Қазақ сыныптарындағы орыс тілі мен әдебиеті бойынша бағдарламалық материалдар толығымен орындалды. Оқу материалының сапасы қанағаттанарлық. Орыс тілі мұғалімдерінің көпшілігінде тиісті білім, жұмыс тәжірибесі бар, оқыту әдістемесін меңгерген.

Мұғалімдер мектеп туралы Заңға сәйкес сыныптан тыс жұмыстар сабақтарына шығармашылықпен қарайды, орыс тілі сабақтарында оқушылардың орыс тіліне деген қызығушылығын оятады, оқушыларға ауызша және жазбаша сөйлеуді меңгеруде практикалық дағдыларды үйретеді [2, 29 б.].

1962-1963 оқу жылында № 1 сегізжылдық мектепте идеологиялық және саяси тәрбие барлық 4 сыныпта, негізінен жаратылыстану, тарих және оқу сабақтарында жүргізілді. Оқушылар кеңес адамдарының ең жақсы қасиеттері: патриотизм, жауларға деген өшпенділік, кеңес адамдарының жанқиярлық еңбегі туралы айтты.

Жаңа материалды өтумен қатар, өткенді қайталау жүргізілді. Оқу жылының соңында барлық пәндер бойынша материалдар толығымен өтіп, қайталанды. Үлгерімі нашар оқушыларға сабақтарға көбірек көңіл бөлініп, жеке тапсырмалар берілді. Еңбек сабақтарында өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары тәрбиеленді, мәселен: түймені, ілгішті, шұлықты тігу. Мектеп жанындағы оқу-тәжірибелік учаскеде топырақты өңдеу, жоталарды орнату, картоп, қызанақ, қырыққабат отырғызу жүргізілді. Барлық практикалық жұмыстарды балалар қызығушылықпен орындады. Осы немесе басқа тақырыптарды өту кезінде барлық бастауыш сыныптарда өзенге, құрылыс орындарына, саябаққа және т.б. экскурсиялар өткізілді [3, 8 б.].

Талдықорған қаласы мектептерінде 1963-1964 оқу жылында 4986 оқушысы бар 141 бастауыш сынып болған. Оның ішінде, 1123 оқушысы бар 33 бірінші сынып, 1221 оқушысы бар 35 екіншісі сынып, 1272 оқушысы бар 36 үшінші сынып және 1370 оқушысы бар 40 төртінші сыныптар бар.

Қала мектептерінің бастауыш сыныптары мұғалімдермен толық қамтылған. Олардың барлығында тиісті педагогикалық білім және балалармен жұмыс тәжірибесі бар. Бастауыш сыныптарда жұмыс істейтін мұғалімдер өздерінің адамның жеке басын қалыптастырудың бастаушылары екенін жақсы түсіне білді. Осыған байланысты бастауыш сынып мұғалімдері балаларға берік білім беріп қана қоймай,

осы білімді сенімге айналдыруға тырысады, баланың мінез-құлқы оның біліміне сәйкес келетініне көз жеткізеді. Негізінен қала мектептерінің бастауыш сынып мұғалімдері өздерінің күнделікті жұмысында балалардың идеялық-саяси, еңбек, эстетикалық және дене тәрбиесі міндеттерін жүзеге асырды. Олардың көпшілігі шығармашылық және адал еңбек етеді, оқу мен тәрбие сапасын арттыруға ықпал ететін барлық жаңа, озық нәрселерді тәжірибеде шебер қолданады [4, 17 б.].

Қала мектептерінде қазақ тілі жоғары ұйымдардың нұсқауларына сәйкес барлық бастауыш сыныптарда енгізілді. Ленин атындағы орта мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі жолдас Ескендірова және Борамбаева (М. Горький мектебі) өз жұмыстарында шет тілдерін оқыту әдістемесін ұстанды. Өз сабақтарында олар «Менің отбасым», «Біздің мектебіміз», «Біздің қаламыз», «Менің достарым» және т.б. тақырыптарда ауызша әңгімелеу сияқты әдістерді қолданды.

Суреттер бойынша әңгімелер құрастырылды, шығармашылық жұмыстар жүргізілді. Оқушылардың қазақ тілі бойынша білім сапасы қанағаттанарлық.

Дегенмен, қазақ тілін оқытудағы жалпы кемшіліктерге мыналар жатады:

- 1) Бұл тақырып бойынша ешқандай оқу құралдары жоқ.
- 2) Мектеп кітапханаларында қазақ тіліндегі әдебиеттер жоқ.
- 3) Мұғалімдер балалармен жеке жұмыс істеуге өте аз көңіл бөледі.
- 4) Қазақ тілі мұғалімдерінің көпшілігінде сабақтарда оқушылардың тәртібі нашар, олар ешқандай сыныптан тыс жұмыстар жүргізбейді.

Болашақта халыққа білім беру Бөлімі қазақ тілін оқытудағы осы кемшіліктерді жою үшін барлық шараларды қабылдауы керек [4, 43-44 бб.].

1964-1965 жылдардағы Талдықорған қаласы мектептерінің бастауыш сыныптардағы оқыту жағдайына келер болсақ, жыл соңында 4960 оқушысы бар 138 сынып тіркелген.

Негізінен, бастауыш сынып мұғалімдері балаларды идеялық-саяси, еңбек, эстетикалық тәрбиелеу міндеттерін қанағаттанарлық деңгейде орындады. Әр мұғалім шығармашылықпен үнемді, қызықты сабақтар өткізді, әсіресе сауатты жазу, ауызша санау, мәнерлеп оқу дағдыларын дамытуға аса назар аударылды. Мұғалім А.П. Мишина бірінші сыныптағы сабақта сөздік жұмысына көп уақыт бөлді. Мысалы, ол оқушыларға карточкалар береді, онда заттар салынған: пенал, қарындаш, қалам және т.б., балалар дәптерлерге осы заттардың аттарын жазып, дауысты дыбыстарды баса көрсетуі керек. Содан кейін жазылған дүние сөздіктер бойынша тексеріледі, ары қарай ұқсас сөздер жазыла береді. Сабақтың соңында он минуттық өзіндік жұмыс ұсынылған [5, 8 б.].

Горький атындағы мектепте бастауыш сынып мұғалімдері тапсырмаларды жергілікті материалда шебер құрастырды және

қолданды. Бұл мектептің мұғалімдері 50-ден астам тапсырманы құрастырған.

Жоғарыда аталған мектептің бастауыш сынып мұғалімдері ең жақсы оқырман мен баяндаушыға конкурс өткізді, оған 30 адам қатысты. Мұғалім М.И. Савина оқу сабақтарында тәрбиелік сәттерді шебер өткізген, мысалы, балалар «Ананың жұмысы» әңгімесін оқыды, мұнда тек мазмұны ғана емес, сонымен бірге, балалардың аналарының жұмысы туралы, сол кездегі және революцияға дейінгі жұмыс жағдайлары туралы, сондай-ақ аналарға деген көзқарасы туралы түсінік қалыптастырды. Соның нәтижесінде, оқушы К. эмоционалды әңгімеге әсерленіп, қызара түсіп, анасын бұдан былай ренжітпейтінін айтты [5, 9 б.].

Кеңес Одағында осы кезеңде қазақ тілді мектептерді барынша қысқарту, Қазақстандағы оқу процесін толығымен орыстандыру саясаты жүргізілді. Бұл Қазақстан халқының бір бөлігінің ұлттық тамыры мен тілінен ажырап қалуына әкелді. Оған қоса, бастауыш мектептердегі білім беру мен тәрбие жұмыстарының мұғалімдер тарапынан толыққанды қанағаттандырылмағанын байқаймыз. Сол кезеңдегі орыс тілді мұғалімдердің көпшілігінің шеберлігі тұрмақ, кәсіби қызметке жарамсыз екені жоғарыда келтірілген фактілерден анық көрініс табады. Сонымен қатар, көптеген кемшіліктермен бірге, жағымды тұстарын да айтпасқа болмайды. Мәселен, бала тәрбиесіне аса үлкен көңіл бөлген, себебі оның келешекте елінің патриоты, шыншыл, адал, мейірімді, ұқыпты, сыпайы болып өсуіне бір адамдай атсалысу – ата-ананың да, мұғалімнің де, жалпы қоғамның негізгі міндеті болып саналды.

Бұл мәселе қазіргі таңда да, болашақта да, жалпы барлық кезеңде актуалды бола бермек. Әлемнің барлық өркениетті елдерінде білім – басты басымдық және дамудың басты көрсеткіші. Барлық елдер тек тауарлар мен қызметтерде ғана емес, әлеуметтік құндылықтар және білім беру жүйесімен бәсекелеседі. Заман ағымынан қалыспай, дамыған, алдыңғы қатарлы елдермен тереземіз тең болуы үшін аянбай еңбек етіп, білімімізді одан әрмен шыңдай түсуіміз қажет. Сол бағытта, жаңартылған білім беру мазмұны бойынша қазақстандық педагог-практиктердің және ғалымдардың ұсыныстары ескеріліп, жаңа әдіс-тәсілдер, оқулықтар білім жүйесіне енуде. Сондықтанда, жастар – еліміздің жарқын болашағы ретінде жоғарыда аталғандай нақты істерді қолға алып, білім жүйесінде батыл қадамдар жасай білсе, міндетті түрде көздеген мақсатымызға жетеміз. Оған деген сеніміміз мол.

Әдебиеттер тізімі:

1. Талдыкорганский государственный архив: Ф-1080, О-1, С-9, Д-144 – Годовые текстовые отчеты об итогах учебно-воспитательной работы за 1959-60 учебный год. – 16, 17, 20, 30, 31, 40, 41 стр.

2. Талдыкорганский государственный архив: Ф-882, О-1, С-80, Д-699 – Отчет о работе школ г. Талдыкорган за 1961-1962 учебный год. – 24, 29 стр.

3. Талдыкорганский государственный архив: Ф-1080, О-1, С-6, Д-107 – Текстовый отчет о работе восьмилетней школы № 1 г. Талдыкорган за 1962-1963 учебный год. – 8 стр.

4. Талдыкорганский государственный архив: Ф-1080, О-3, С-12, Д-184 – Годовой отчет ГорОНО за 1963-1964 учебный год. – 17, 43-44 стр.

5. Талдыкорганский государственный архив: Ф-1080, О-1, С-14, Д-202 – Годовой отчет о работе школ г. Талдыкоргана на 1964-65 учебный год. – 8, 9 стр.

3.8. Психологические особенности и механизмы восприятия человека человеком

Гульнара Шингисовна Джумагулова

кандидат психологических наук, доцент кафедры «Общая педагогика и психология». Центрально-Азиатский Инновационный Университет (г. Шымкент, Казахстан)

Динара Талгатбековна Бектурсунова

магистрант кафедры «Общая педагогика и психология». Центрально-Азиатский Инновационный Университет (г. Шымкент, Казахстан)

Индира Абдикадировна Токбергенова

магистрант кафедры «Общая педагогика и психология». Центрально-Азиатский Инновационный Университет (г. Шымкент, Казахстан)

Индира Кайратовна Тансыкбаева

магистрант кафедры «Общая педагогика и психология». Центрально-Азиатский Инновационный Университет (г. Шымкент, Казахстан)

Гулзира Аятовна Исроилова

магистрант кафедры «Общая педагогика и психология». Центрально-Азиатский Инновационный Университет (г. Шымкент, Казахстан)

Процесс восприятия одним человеком другого является обязательной составной частью общения. Эффективное общение невозможно без правильного восприятия, оценки, взаимопонимания партнеров. Межличностное восприятие или социальная перцепция представляет собой сложный процесс восприятия внешних признаков человека, соотнесение их с личностными характеристиками и интерпретацию на этой основе поступков и поведения.